

№10(149)

15 НАУРЫЗ
СЕНБІ
2025 ЖЫЛ

ГАЗЕТ 2022 ЖЫЛДЫҢ
22 АҚПАНЫНАН
БАСТАП ШЫҒАДЫ

Jaŋa Bastau



janabastau
www.janabastau.kz
janabastau1@gmail.com

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

КӨРІСУ КҮНІ:

ҒАСЫР ЖАСАҒАН ҚАРИЯ АҚ БАТАСЫН БЕРДІ

АМАЛ МЕРЕКЕСІ



14 наурыз – Көрісу күніне орай Қосшы қаласы Ардагерлер кеңесінің ақсақалдары мен Жастар ресурстық орталығының өкілдері, мектеп оқушылары Екінші дүниежүзілік соғысының ардагері, ғасыр жасаған жерлесіміз Нұрқасым Әжітаевтың шаңырағына қазақы дәстүр бойынша құрмет көрсетіп, ізетпен сәлем бере барды.

Сөз бастаған Ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабділбар Абақов «Денсаулықтың арқасында ғұмырыңыз бір ғасырдан асып бара жатыр екен, құтты болсын! Қосшы қаласының үлкені мен кішісі сіздің өмір жолыңызды, атқарған таудай ісіңізді, батырлығыңызды үлгі етеміз. Мына бейбіт заман, тыныш өмір сіздің және сіз сияқты майдангер жауынгерлердің өшпес ерлігінің арқасында деп білеміз. Алла денсаулық, қуат берсін сізге. Ама, Көрісу күні құтты болсын! Бұл үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетер ерекше күн. Сондықтан өзіңізбен жүздесіп, батаңызды алсақ деген ниетіміз бар» деп, мерекелік ақ тілегін арнап, ақсақалдың иығына шапан

жапты.

Ардагерлердің атынан айтылған ақ тілекті IT мектебінің өнерпаздары жалғап, кездесудің одан әрі әрін келтіре түсіп, ғасыр жасаған ғұмыр иесіне арнап, домбыраның шанағынан күй төкті.

Жасы бір ғасырдан асқан ардагердің сөзі анық, қимылы ширақ. Өмірдің мәнін қозғалыспен байланыстыратын ақсақал қар күреп, ауланың майда тіршілігін жасап отырғанды жөн санайды. Тағамға талғаммен қарап, майсыз, құнарлы болғанын қадағалайды, денсаулығын күтеді.

Ама, мерекесіне орай құрмет көрсетіп келген бір топ қауымға алғысын жаудырған

ардагер ризашылығын былай білдірді:

«Алланың берген қуатына, ғұмырына тәуба деп отырмын. Келген қадамдарыңа гүл бітсін! Елеп-ескеріп, құттықтап келіп жатқандарыңызға рақмет. Отбасыларыңа береке, татулық пен бірлік, амандық тілеймін! Абырой биігінен көріне беріңдер!» деп, қол жайған қауымға ақ батасын беріп, алғысын айтты.

Кеудесі қазынаға толы ақсақалдың алғысына бөленген көпшілік жайылған ақ дастарқаннан дәм татып, ескі күннің естеліктерімен бөлісті.

Гүлназ БИСЕН



ҚҰТТЫҚТАУ!

АРДАҚТЫ АҒАЙЫН, ҚАДІРМЕНДІ ҚАУЫМ!

Береке – бірлікпен және ырыс-ынтымақтың мерекесі – Көрісу күні құтты болсын!

Осы бір атаулы күнді Наурыз мерекесінің ауқымын кеңейту мақсатында, күн мен түн теңелерден 10 күн бұрын бастап тойлау әдетке айналып келеді. Көрісу күні бүгінде ресми шаралардың қатарына қосылып, бүкіл ел болып тойлайтын мерекеге ұласуда.

Көрісу – тек адамдардың бір-біріне амандасып, жақсылық тілейтін қауышу мерекесі ғана емес, сондай-ақ, жасы үлкендерге ізет көрсетіп, ілтипат білдіретін дәстүрлі көрініс. Өйткені көрісу салты бір күннің аясымен шектеліп қалмайды, жыл бойы жалғаса береді. Көрісу – пенденің аузы аққа, мал аузы көкке тиіп, адамның адаммен, жылдың жылмен көрісіп, бір - біріне тілектерін айтатын күні.

Шаттық пен қуанышқа, ақ бата мен молшылыққа толы бұл мерекеде мәре-сәре болған жұрт, осы қарқынмен жыл бастауы – Наурыз мейрамын қарсы алады.

Баршаңызды бұл мерейлі мейрам – Көрісу күнімен құттықтаймын! Бейбіт және бақытты өмір, жақындарыңыздың аман-саулығын, әрбір оң бастамаларыңызда тек сәттілік пен жетістіктер тілеймін!

Құрметпен, Қосшы қаласының
әкімі Азамат Қапышев

ЗЕРДЕЛІ

ЖАС МАТЕМАТИКТЕР БАҚ СЫНАДЫ

Жақында Астанада еліміздегі жас математиктердің басын қосқан Олимпиадалық академияның айлық жарысы өтті. Тоғыз айға созылатын бұл білім сайысы дарынды оқушылардың зияткерлік қабілеттерін дамытуға және үздіктерді анықтауға бағытталған.

Республикалық математиктер клубының президенті, белгілі математик Ырысбек Мәуіттің айтуынша, жарыстың басты мақсаты – оқушылардың көшбасшылық қасиеттерін арттырып, күрделі жағдайларда тез әрі дұрыс шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру.

«Біздің сайыс тек жүлде үшін емес, ең алдымен, балалардың ойлау қабілетін шыңдауға арналған. Олар уақытты тиімді басқаруды, командалармен жұмыс істеуді және тәуелкеге баруды үйренеді. Қатысушыларға және олардың ата-аналарына алғысымды білдіремін!» деді Ырысбек Мәуіт.

Beeline Arena алаңында өткен жарысқа Астана қаласының ең үздік жас математиктерімен қатар Қарағанды мен Ақтөбе қалаларынан келген мықты командалар да қатысты. Әр команда 12 үздік оқушыдан құралды.

Сайысты қолдауға Оқу-ағарту министрлігі Орта білім

комитетінің төрағасы Қаныбек Жұмашев, Мәжіліс депутаты Жұлдыз Сүлейменова мен Болат Керімбек келіп, жүлдегерлерді марапаттады. Сонымен қатар Олимпиадалық академияны ұйымдастыруда ерекше үлес қосқан «Зерделі» контент бөлімінің математиктері министрлік атынан Алғыс хатқа ие болды.

Жарысқа танымал продюсер Перизат Мырзахмет, журналист Әлия Әшім, тележурналист Сағыныш Әбікей сынды медиа саласының өкілдері де қатысты.

Нәтижесінде, 3-4 сыныптар арасында «Зерделі» Халықаралық мектебінің оқушылары бас жүлдені иеленсе, 5-сыныптар арасында Ақтөбе командасы жеңіске жетіп, білім кубогын қанжығасына байлады. Олимпиадалық академияның келесі республикалық кезеңі 1 мың математик оқушылардың қатысуымен Ақтөбеде өтеді.





№ 3 сайлау округі бойынша Қосшы қалалық мәслихатының депутаттығына үміткер
Кәкімжанов Дидар Бөлтiрiкұлы

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мен, Кәкімжанов Дидар Бөлтiрiкұлы, 1991 жылы Қостанай облысы, Амангелді ауданында дүниеге келдім. Білімім жоғары.

2021 жылдан бастап жеке кәсіпкерлікпен айналысып келемін. Қазіргі уақытта «Аружан Плаза» және «Хан Сарайы» мейрамханаларының директоры қызметін атқарамын.

Отбасылымын, жұбайым екеуміз үш бала тәрбиелеп отырмыз.

Қосымша ақпарат

- Кәсіпкерлік саласындағы тәжірибем мол.
- Басқару және ұйымдастыру қабілеттерім жоғары.
- Жауапкершілік пен адалдықты басты қағида санаймын.

«Bastau Media» ЖШС-нің «Jana Bastau» газеті «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС баспаханасында басылды. Таралымы 1500. Қосшы қалалық мәслихат депутаттығына үміткер Кәкімжанов Дидар Бөлтiрiкұлына республикалық бюджет есебінен төленеді.

Құрметті сайлаушылар!

Біздің басты мақсатымыз – «Әділетті Қазақстанды құру». Қосшы қалалық мәслихатының депутаты ретінде алдыма бірқатар міндеттер қоямын, оларды шешуге бар күшімді саламын, яғни төмендегі мәселелерге ерекше назар аударатын боламын:

1. Жылы аялдамалардың санын көбейтуге;
2. Газдандыру мәселесін шешуге.

Жергілікті бюджеттен ақша қаражатын бөлу кезінде мынадай жобаларды іске асыруға ықпалымды тигізетін боламын:

- «Алтын орда» шағын ауданында ішкі жолдарды жөндеуге;
- Көше жарығының мәселесін шешуге;
- Балалар ойын алаңын абаттандыруға.

Өз елімнің, өзімнің Отанымның нағыз патриоты ретінде мен сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне «нөлдік» төзімділік атмосферасын құруға ықпал етемін және оның деңгейін төмендетуге, халқымыздың бірлігін нығайтуға ұмтылу.

Мен жерлестерді бастамашылыққа шақыра отырып, қала тағдырына бей-жай қарамауды насихаттаймын.

Біздің күшіміз – бірлікте! Біз бірге көп нәрсені жасай аламыз: құру, іске асыру, жүзеге асыру. Басты критерия – жаңаға дайындық және ұмтылыс. Болашақты БІРГЕ құрайық!

бойынша оралмандардың жедел интеграциясына жәрдемдесу жөніндегі кеңесші, ЖОО оқытушысы, серіктестік басшысы сияқты бірталай қызметтерден өттім.

Құрметті сайлаушылар!

Қалалық мәслихат депутаттығына үміткер ретінде өзіме бірқатар мәселелерді шешуді міндеттеп отырмын:

- Көше жарығының құрылысын жүргізуге атсалысу;

- Балаларға арналған ойын алаңын абаттандыруға атсалысу;

- Жылы аялдамалардың санын көбейтуге атсалысу;

- Қоғамдық көлік қозғалысын реттеу және сапасын арттыруға атсалысу;

- Газдандыру мәселесін шешуге атсалысу;

- Қауіпсіз қоғам құруға белсене қатысу .

Тұрғындардың сенімі мен аманатын арқалап, сайлауалды бағдарламамды жүзеге асыруға тырысамын. Қаламызда ауқымды өзгерістер болсын десеңіз, біз бен сіз бірлесіп, әкімшілік пен қоғамның серіктестігін нығайта отырып, бірге еңбек етейік, ағайын! Мен көпшіліктің мүддесі үшін күресуге дайынмын! Өз таңдауыңызды жасаңыз!



№ 3 сайлау округі бойынша Қосшы қалалық мәслихатының депутаттығына үміткер
Дюсембаева Мөлдiр Mаратқызы

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мен, Дюсембаева Мөлдiр Маратқызы, 1994 жылы 3 қыркүйекте қазіргі Абай облысы Тарбағатай ауданы Ақсуат ауылында дүниеге келдім. 2014 жылы «Бастауыштағы ағылшын тілі пәні мұғалімі» мамандығы бойынша Мұхтар Әуезов атындағы педагогикалық колледжін тәмамдадым. Еңбек жолымды 2014 жылы

«Жастар» қоғамдық бірлестігінің директоры болып бастадым.

2016-2018 жылдар аралығында «Sos Детская деревня» балалар үйінде ағылшын тілі мұғалімі.

2018-2021 жылдары жеке бизнеспен айналыстым.

2022-2024 жылдар аралығында Қосшы қаласы

«Bastau Media» ЖШС-нің «Jana Bastau» газеті «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС баспаханасында басылды. Таралымы 1500. Қосшы қалалық мәслихат депутаттығына үміткер Дюсембаева Мөлдiр Mаратқызына республикалық бюджет есебінен төленеді.

әкімдігі «Жастар ресурстық орталығы» жастармен жұмыс маманы.

2025 жылдың қаңтар айынан бастап Қосшы қаласы әкімдігі «Жастар ресурстық орталығы» басшысы лауазымын атқарадымын.

Қосымша ақпарат

Қосшы қаласының дамуы мен өркендеуіне бей-жай қарамай өз үлесімді қосу мақсатында осы жолғы сайлау науқанына өзін-өзі ұсынушы үміткер ретінде тіркелдім.

Құрметті сайлаушылар!

Маған қаламыздың қай мәселесі болса да таңсық емес, дегенмен өз заманыма және атқарып жүрген қызметіме байланысты, әсіресе жастар ісі жаныма етене жақын. Осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстар да аз емес екенін білемін. Бірақ қол жеткізген жетістіктерге тоқмейілісіп, тоқырап қалуға болмайды. Жас келсе – іске! Қоғам өмірін жақсарту үшін күн сайын жаңа мақсаттарды бетке алып, алға ұмтыла беруіміз шарт. Еліміздің Тәуелсіздігі баянды болуы үшін мен қолдан келгенше еңбек етіп, өкілді органның мінберінен ең өзекті мәселелерді көтеруге сөз беремін. Мен сіздердің сенімдеріңізді ақтауға тырысамын.

«Отан – отбасынан басталады»! Менің мақсатым – әр отбасының өмір сүру сапасын арттыру, олардың әл-ауқатын жақсарту!

Білімді ұлт:

БІР ЕЛ – БІР КІТАП

Кітап оқу мәдениеті әлемдік деңгейде өзгеріп жатқан шақта, Қазақстанда оған деген қызығушылықты арттыру мақсатында түрлі бастамалар қолға алынуда. Солардың бірі – «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы.

«Бір ел – бір кітап» акциясы Қазақстанда 2007 жылдан бері ұйымдастырылып келеді. Оның негізгі мақсаты – ұлттық әдеби мұраны дәріптеу, кітап оқуды халық арасында сөнге айналдыру және рухани дамуға ықпал ету. Жыл сайын бір немесе бірнеше кітап таңдалып, сол шығармалар түрлі деңгейде талқыланады. 2007 жылы Ұлы Абайдың қара сөзін оқудан басталған акция жалғасын тауып, бүгінде қазақ әдебиетінің ең таңдаулы классик ақын-жазушыларының үздік шығармаларын оқырман қауымға ұсынып, насихаттап келеді.

Құрамында елімізге белгілі ақын-жазушылар мен журналистер, кітапханашылары бар акцияның ұйымдастыру комитеті жылда отырыс өткізіп, өңір кітапханаларынан келген ұсыныстар мен оқырмандардың талғамын ескеріп, қазақ әдебиетінде есімі ұмытылып бара жатқан немесе мерейтойы тұспа-тұс келетін қаламгер шығармасын жыл бойы ел болып оқуға таңдайды. Комиссия мүшелері қазақ әдебиетінің поэзия және проза жанрынан екі авторды оқуға шешім қабылдады. Проза жанры бойынша көпшілік дауыспен ұлтымыздың көрнекті жазушысы, ақын, сыншы, аудармашы, суреткер Төкен Әлімқұловтың шығармаларын оқу ұсынылды. Поэзия жанры бойынша мемлекеттік сыйлықтың иегері, көрнекті ақын, биыл 90 жылдық мерейтойы аталып өтетін Жүмекен Нәжімеденовтің шығармалары таңдалды. Бұл таңдау арқылы ұлттық әдебиетіміздің бай мұрасын дәріптеп, оқырмандарды осы екі автордың шығармашылығымен тереңірек таныстыру мақсат етілген.

Төкен Әлімқұлов – қазақ әдебиетіндегі қайталанбас дара тұлға. Жазушының кез

келген шығармасын оқып қарасаңыз, өмірдің шынайы бет-бейнесі, адамның тағдыры сыр шертіп тұрғандай көңілге түрлі ой салады. Себебі ол – сырлы суреткер, шебер қаламгер.

1962 жылы оның тұңғыш романы «Ақ боз ат», кейін «Тұлпардың тағдыры», «Ел мен жер», «Замана екпіні» атты романдары жарық көрді. Сонымен қатар «Сапар» тұңғыш өлеңдер жинағы, «Жазғы жаңбыр», «Қаратау өрнектері», «Туған ауылда», «Боз жорға», «Күрең өзен», «Кертолғау», «Шежірелі сахара», «Көкек айы» атты әңгімелер мен повестер жинағы бар. Жазушы шығармаларының негізгі тақырыбы ауыл тіршілігі, адам тағдыры, өнер қайраткерлерінің өмірі. Абай Құнанбаев туралы «Жұмбақ жан» атты зерттеу еңбегін жазды.

Төкен Әлімқұловтың әңгімелері қазақ әдебиетінде ерекше орын алады, олар терең психологиялық талдаумен, ұлттық болмысты суреттеумен және көркемдік нақышымен ерекшеленеді. Жазушының әңгімелері қысқа болса да, терең ойға жетелейді, оның шығармашылығында ұлттық өнер мен тарихи шындық ерекше орын алады.

Қазақ әдебиетінің қабырғалы қаламгері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Жүмекен Нәжімеденовтің шығармашылығы алуан қырлы. Халқына қалдырған мұрасы мол. Поэзиядағы отты жырларымен бірге прозадағы елеулі еңбегі де бір бөлек дара дарын.

Нәжімеденов өмір бойы өлең авторы ретінде ғана емес, талантты аудармашы ретінде де қазақ әдебиетінде терең із қалдырды. Ол бірқатар шетелдік ақындардың



Кандидат в депутаты городского маслихата города Косшы по 3 избирательному округу, **Какимжанов Дидар Бултирикович**

ИЗБИРАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА

Я, Какимжанов Дидар Бултирикович, родился в 1991 году в Амангельдинском районе Костанайской области. Мое образование – высшее. С 2021 года занимаюсь частным предпринимательством. В настоящее время являюсь директором ресторанов «Аружан Плаза» и «Хан Сарайы».

Дополнительная информация

- Имею богатый опыт в предпринимательской деятельности
- Обладаю высокими организаторскими и управленческими способностями
- Ответственность и честность считаю основными принципами

Издание газеты «Jańa Bastau» печатано в типографии медиахолдинга «ERNUR» TOO «Bastau Media». Тираж 1500. Кандидат в депутаты городского маслихата города Косшы, Какимжанов Дидар Бултирикович, оплачено из средств республиканского бюджета.

Уважаемые избиратели!

Наша главная цель — «Создание справедливого Казахстана». Как депутат городского маслихата Косшы, я ставлю перед собой несколько задач и буду прилагать все усилия для их решения, а именно – буду особое внимание уделять следующим вопросам:

1. Увеличение числа теплых остановок;
 2. Решение проблемы газификации.
- При распределении средств из местного бюджета буду способствовать реализации следующих проектов:
- Ремонт внутридворовых дорог в микрорайоне «Алтын Орда»;
 - Решение проблемы уличного освещения;
 - Обустройство детских игровых площадок.

Как истинный патриот своей страны, своей Родины, я буду способствовать созданию атмосферы «нулевой» терпимости к любым проявлениям коррупции и снижению ее уровня.

Уважаемые избиратели! Я иду на выборы для того, чтобы решить поставленные задачи и значительно улучшить уровень жизни и благосостояния жителей города Косшы.

Наша сила — в единстве! Вместе мы сможем многое: создавать, внедрять, реализовывать. Основной критерий — готовность к новому и стремление. Давайте строить будущее ВМЕСТЕ!



Кандидат в депутаты городского маслихата города Косшы по 3 избирательному округу, **Дюсембаева Мөлдiр Маратқызы**

ИЗБИРАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА

Я, Дюсембаева Мөлдiр Маратқызы, родилась 3 сентября 1994 года в селе Аксуат, Тарбагатайский район, современная область Абай. В 2014 году окончила педагогический колледж имени Мухтара Ауэзова по специальности «Учитель английского языка в начальной школе».

Мой трудовой путь начался

в 2014 году с должности директора общественного объединения «Жастар». С 2016 по 2018 годы работала учителем английского языка в детском доме «Sos Детская деревня». В 2018-2021 годах занималась собственным бизнесом. С 2022 по 2024 годы работала специалистом по молодежной работе в молодежном ре-

Издание газеты «Jańa Bastau» печатано в типографии медиахолдинга «ERNUR» TOO «Bastau Media». Тираж 1500. Кандидат в депутаты городского маслихата города Косшы, Дюсембаева Мөлдiр Маратқызы, оплачено из средств республиканского бюджета.

оқу мәдениетін жаңғырту

шығармаларын қазақ тіліне аударды. Оның алғашқы «Егіс» өлеңдер жинағы 1961 жылы жарық көрді, ал поэтикалық шығармалары тек Қазақстанда ғана емес, шетелде де танылды. 1965 жылы «Жоқ, ұмытуға болмайды» атты поэмалар жинағы шықты. Жүмекен Нәжімеденовтің барлығы он өлеңдер жинағы мен «Ақ шағылдар», «Кішкентай», «Атақ пен дақырт» атты үш романы басылды. Сонымен қатар, Жүмекен Нәжімеденов 2006 жылы қабылданған Қазақстан Республикасы Ғұнұранының авторларының бірі болып табылады. Оның шығармашылығы қазақ поэзиясын байытты.

Жүмекен Нәжімеденовтің ақын ретіндегі жемісті еңбек еткен кезі – алпысыншы, жетпісінші, сексенінші жылдар, яғни қазақ поэзиясының философиялық тұрғыдан тереңдеп, көркемдік жағынан әрлене түскен кезеңі. Қазақ поэзиясына ақын өз үлесін осы тұста қосты және ол қазақтың сөз өнерін өркендету жолында қаламы қолынан түскенше еңбек етті.

Нәжімеденов – қазақ поэзиясына 60-жылдардың бел ортасында келген үркердей топтың белгілі өкілі. Жүмекен поэзиясы сан қырлы. Ақын поэзиясы бірден қалыптаса қалған жоқ. Өмірді шынайы бейнелеу жолында талай ізденіс соқпақтарынан өтті. Жігерлі талпыныс, бойға біткен

табиғи талантты еңбекқорлықпен баптай білушілік оны майталман лирик дережесіне көтерді.

«Бір ел – бір кітап» акциясы бойынша биылғы жылға таңдалып алынған авторлар – Тәкен Әлімқұлов пен Жүмекен Нәжімеденов қазақ әдебиетінде өзіндік орындары бар қаламгерлер. Тәкен Әлімқұловтың әңгімелері мен повестерінде адам болмысының ішкі драмасы шебер бейнеленсе, Жүмекен Нәжімеденовтің поэзиясы мен прозасы да терең мағыналы, күрделі ойларға толы. Олардың шығармаларында қазақ халқының ұлттық болмысы, тағдыры, тарихы мен мәдениеті ерекше орын алады.

Қорыта айтқанда, Тәкен Әлімқұлов пен Жүмекен Нәжімеденовтің шығармалары ой тереңдігі, ұлттық рухқа деген адалдық, көркемдік тіл байлығы сияқты ортақ қасиеттерге бай. Қазақтың көрнекті жазушылары қалдырған тамаша прозалық туындылары, терең талдауларға құрылған сыни шығармалары, шабытты көңіл күйінің сәттерін паш ететін өлеңдері кәделі мұра іспетті олардың өздеріне орнатып кеткен елеулі ескеркіштері екені сөзсіз.

Гаухар Бауыржанқызы,

Қосшы қаласы Орталық кітапханасының кітапханашысы

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Уважаемые партнёры и заинтересованные лица!

Товарищество с ограниченной ответственностью «ДК сеть» БИН: 190240025782 приняло решение о прекращении своей деятельности в соответствии с законодательством. В связи с этим все кредиторы и партнёры могут направлять свои требования в установленный законом срок по следующему адресу: Акмолинская обл., г. Косшы,

ул. Микрорайон Лесная Поляна, д. 19, кв. 244 (офис 244).
Контактный телефон: +7 747 373 12 24
Электронная почта: kdaulembek1986@mail.ru
Все необходимые процедуры будут проведены в соответствии с требованиями законодательства.

С уважением,
Руководство TOO «ДК сеть»



Кандидат в депутаты городского маслихата города Косшы по 3 избирательному округу, **Калиев Рауан Ақылбердыевич**

ИЗБИРАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА

Я, Калиев Рауан Ақылбердыевич, родился 27 января 1983 года в селе Аксуат, Аксуатский район, Семипалатинская область. Мое образование — высшее, я юрист. В настоящее время являюсь фракционным менеджером в Парламентской фракции партии «Respublica».

Дополнительная информация

Мой трудовой путь я начал в 2004 году с должности инспектора отдела «Народный контроль» представительства РОО «АСАР» в городе Семей, а затем продолжил свою деятельность в партии «Нұр Отан». В дальнейшем

сурсном центре при акимате города Косшы. С января 2025 года занимаю должность руководителя молодежного ресурсного центра при акимате города Косшы.

Дополнительная информация

Я зарегистрировалась как самовыдвиженец, чтобы внести свой вклад в развитие и процветание города Косшы.

Уважаемые избиратели!

Мне знакомы проблемы нашего города, и я, безусловно, готова работать над любыми вопросами. Однако, как человек, работающий в молодежной сфере, мне особенно близки вопросы, касающиеся молодежи. Я знаю, что в этом направлении уже многое сделано, но нельзя останавливаться на достигнутом. Нужно двигаться вперед, ставить новые цели и стремиться к их реализации каждый день. Только так мы сможем создать справедливый, новый Казахстан.

Я обещаю прилагать все усилия для того, чтобы поднять самые актуальные вопросы с трибуны представительного органа и работать на благо нашей страны.

«Родина начинается с семьи»!

Моя цель — повысить качество жизни каждой семьи, включая поддержку молодых семей, которые только начинают свой путь. Я буду работать над улучшением их благосостояния!

Издание газеты «Jańa Bastau» печатано в типографии медиахолдинга «ERNUR» TOO «Bastau Media». Тираж 1500. Кандидат в депутаты городского маслихата города Косшы, Дюсембаева Мөлдiр Маратқызы, оплачено из средств республиканского бюджета.

я работал консультантом по вопросам быстрой интеграции репатриантов в Восточно-Казахстанской области в рамках совместной программы ООН, преподавателем в вузах, а также руководителем партнерства.

Уважаемые избиратели!

Как кандидат в депутаты городского маслихата, я ставлю перед собой задачу решить несколько важных вопросов:

- Участие в строительстве уличного освещения;
- Участие в благоустройстве детских игровых площадок;
- Увеличение числа теплых остановок;
- Регулирование и улучшение качества общественного транспорта;
- Решение проблемы газификации;
- Активное участие в создании безопасного общества.

С надеждой на вашу поддержку, я готов взять на себя ответственность за реализацию моей избирательной программы. Если вы хотите перемен в нашем городе, давайте работать вместе, укрепляя партнерство между администрацией и обществом! Я готов бороться за интересы большинства. Сделайте правильный выбор!

Издание газеты «Jańa Bastau» печатано в типографии медиахолдинга «ERNUR» TOO «Bastau Media». Тираж 1500. Кандидат в депутаты городского маслихата города Косшы, Калиев Рауан Ақылбердыевич, оплачено из средств республиканского бюджета.

ВОЛЕЙБОЛ

«Alan Cup – 2025»: МОНҒОЛИЯ КОМАНДАСЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИРДІҢ ЖЕҢІМПАЗЫ АТАНДЫ

Қосшы қаласындағы «ALAN» дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің ашылғанына 1 жыл толуына орай, 10–13 жас аралығындағы қыздар арасында «Alan Cup» халықаралық волейбол турнирі өтті. Бұл жарысқа Қазақстан, Өзбекстан, Моңғолия және Ресейдің үздік командалары қатысты. Турнир наурыздың 11-13 аралығында өтіп, үш күнге созылды. Жарыстың ашылу салтанатында Қосшы қаласы әкімінің орынбасары Берген Жүмекейұлы қатысушыларға сәттілік тілеп, құттықтау сөз сөйледі. Сондай-ақ концерттік бағдарлама ұйымдастырылып, ән мен биден шашу шашылды.



Ойынға барлығы 8 команда қатысты. Турнир барысында командалар жоғары деңгейдегі шеберліктерін көрсетіп, жанкүйерлерге тартысты әрі қызықты ойын сыйлады.

Ақтық кезеңге дейін бәсеке шиеленісті түрде өрбіді. Финалдық кездесуде Монғолияның Баян-Өлгий аймағынан келген «Ирээдүй Амин» командасы ерекше ойын үлгісін көрсетіп, жеңіске жетті. Олар ақтық сайыста Қосшы қаласындағы Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің құрамасын 3:1 есебімен

мандасын 3:0 есебімен жеңді. Осылайша, олар турнирдің жүлделі үшінші орнына ие болды.

Турнир соңында үздік ойыншылар анықталды. Төрешілер алқасы спортшы қыздардың жоғары шеберлігі мен ойынға қосқан үлестерін ескере отырып, жарыс барысында айрықша көзге түскен ойыншыларды атады. Олардың қатарында Баян-Өлгийден келген Жайнагүл Дінмұхамед, Ақтөбе облысының намысын қорғаған Айым Базархан, сондай-ақ Қосшы қаласынан Балнұр Нұрболқызы мен

жанкүйерлерге жарқын әсер қалдырды.

Жарыстың жабылу салтанатында жеңіске жеткен команда жетекшілеріне алғыс хаттар табысталды. Қонақтар мен шетелдік бапкерлер турнирдің жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын ерекше атап, «Alan» дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің ұжымы мен жаттықтырушыларына шын жүректен алғыстарын білдірді.

Назар аударарлық жайт, командалық спорттық шараларды өткізу жан-жақты дайындық пен үйлесімді жұмысты қажет етеді. Мұндай жарысты жоғары деңгейде ұйымдастыру үшін үлкен жауапкершілік, кәсібилік және үйлесімділік қажет. Осы тұрғыда «Alan» кешені өзіне жүктелген міндетті лайықты атқарып, турнирді сапалы әрі жоғарғы деңгейде өткізе алды. Ұйымдастырушылардың үйлесімді еңбегі мен жүйелі жұмысы жарыстың сәтті өтуіне ықпал етті.

Спорттық бәсекенің ойдағыдай өтуіне жергілікті кәсіпкерлер Болат Үкібайұлы мен «Александрит ИВ» ЖШС басшылығы да зор үлес қосты. Олар жарыстың ойдағыдай ұйымдастырылуына қажетті қолдау көрсетті. Сондай-ақ турнир демеушілерінің бірі – «Vb Elit Astana» дүкені қатысушыларға құнды спорттық аяқ киімдер тарту етті.

Бұған қоса, Қосшы қаласы әкімдігі де өз тарапынан көмек көрсетіп, жарыстың жоғары деңгейде өтуіне септігін тигізді. Әкімдіктің қолдауы іс-шараның ұйымдастырушылық сапасын арттырып, қатысушылар мен жанкүйерлер үшін қолайлы орта қалыптастыруға жағдай жасады. Осындай қолдаудың арқасында аймақта спорттық жарыстардың тұрақты түрде өткізілуіне жол ашылатыны сөзсіз.

Асылжан КҮНТУҒАН



ұтып, турнир жеңімпазы атанды, ал жергілікті команда 2-орынды қанағат тұтты.

Үшінші орын үшін болған кездесуде Ақтөбе облыстық мамандандырылған №2 Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің волейболшылары ұтқыр ойын көрсетіп, «Алан» ко-

Тамила Тастемір бар.

Бұл ойыншылар өздерінің техникалық шеберліктерімен, жылдамдығымен және командалық рухымен ерекшеленіп, турнирдің жоғары деңгейде өтуіне елеулі үлес қосты. Олардың ширақ ойыны мен табандылығы



«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ»

ҰЛТТЫҚ КОНКУРСЫ ЖАРИЯЛАНДЫ

«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 6 желтоқсандағы № 250 әкіміне сәйкес Қазақстанда жыл сайын «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы өткізіледі.

Ұлттық конкурс адамгершілік құндылықтарды жаңғыртуға және отбасы мен некенің (ерлі-зайыптылықтың) жағымды үлгісін дәріптеуге, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған.

Конкурсқа отбасылар өзін-өзі ұсыну жолымен, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың, заңды тұлғалардың ұсынуы бойынша қатысады.

Өтінімдер аудандық (қалалық) комиссияға 2025 жылғы 16 наурыздан бастап 15 мамырға дейін беріледі.

Конкурс екі кезеңде өткізіледі:

Бірінші – аудандық (қалалық) кезең (16 наурыздан 15 мамырға дейін).

Екінші – облыстық (республикалық маңызы бар қала, астана) кезең (4 маусымнан 18 маусымға дейін).

Облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) комиссиялардың шешімдері негізінде жеңімпаз отбасыларға «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының лауреаты атағы беріледі.

Конкурс лауреаттарын марапаттау рәсімі қыркүйек айында Отбасы күні қарсаңында Астана қаласында салтанатты түрде өтеді.

Конкурсты ұйымдастырушылар – Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның қолдауымен Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, жергілікті атқарушы органдар.

Толық ақпарат алу үшін Ішкі саясат бөліміне хабарласуға болады:
8(7172) 607-782

ЖӘРДЕМАҚЫ

АУҒАНСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ҰРЫС
ҚИМЫЛДАРЫНЫҢ АРДАҒЕРЛЕРІНЕ
БІР РЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК
КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ

Қосшы қаласы мәслихатының 2023 жылғы 29 желтоқсандағы «Қосшы қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» № 85/19-8 шешіміне және Қосшы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 8 желтоқсандағы «Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің шығарылуына 35 жыл толуына байланысты басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне қосымша бір реттік ақшалай көмек көрсету туралы» № 08-33 қаулысына сәйкес 15 ақпан – Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің шығарылған күніне, Қосшы қаласының аумағында тұрақты тіркелген және тұратын ардагерлерге 25 (жырма бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір реттік әлеуметтік (ақшалай) көмек қарастырылған.